




## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2021 Қазан

2021 жылғы қазанда инфляция 0,7% құрады (қыркүйекте – 0,4%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір айда 0,7%-ға (қыркүйекте – 0,1%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 1,0%-ға (қыркүйекте – 0,6%), ақылы қызметтер бағасы 0,5%-ға өсті (қыркүйекте – 0,7%). Жылдық инфляция 8,9% құрады (қыркүйекте – 8,9%).


Өңірлер бойынша жылдық инфляцияның өсімінің жеделдеуі 7 өңірде, бәсеңдеуі 6 өңірде байқалып, 4 өңірде бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды. Бағаның өсу қарқынының ең айқын жеделдеуі Түркістан (қыркүйектегі 9,2%-дан қазандағы 9,6%-ға дейін) және Солтүстік Қазақстан (8,4%-дан 8,7%-ға дейін) облыстарында орын алды. Қалған өңірлерде жылдық инфляция айтарлықтай өзгерген жоқ (+/-0,2%). Жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау облысында байқалды (9,9%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 қазан – 2021 қазан), %-бен




Алматы қаласы мен Алматы облысы Қазақстан бойынша ТБИ өсуіне едәуір үлес қосуды жалғастыруда (тиісінше 1,4 п.т. және 1,0 п.т.), олардың ТБИ-де салмағы ең жоғары. Осы өңірлерде бағаның өсуі тиісінше 8,8% және 8,5% болды. 5 өңірдің (Алматы қаласы, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары) ТБИ өсуіне қосқан үлесі (4,6 п.т.) қалған 12 облыстың қосқан үлесінен (4,3 п.т.) артық.

2-сурет. ТБИ-дегі өңірлердің салмағы, %-бен үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3-сурет. ТБИ-ге өңірлердің үлесі, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары бір жылда 11,3%-ға (қыркүйекте – 11,5%-ға) қымбаттады. Ең төменгі өсу Нұр-Сұлтан қаласында (10,4%), ең жоғары өсу – Маңғыстау облысында (13,0%) байқалды.

Ел бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 7,8%-ға (қыркүйекте - 7,5%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең жоғары өсуі Ақтөбе және Қарағанды облыстарында (8,7%-дан), ең төмен өсуі – Алматы қаласында тіркелді (7,3%).

Елімізде ақылы қызметтер 6,9%-ға (қыркүйекте - 6,8%-ға) қымбаттады, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында бағаның өсуі 7,9% құрады, Алматы облысында ақылы қызметтер бағасы әлдеқайда төмен қарқынмен өсті (6,1%).

4-сурет. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазанда айлық ТБИ-не азық-түлік тауарлары инфляциясының қосқан үлесі (0,31 п.т.) азық-түлікке жатпайтын тауарлар (0,25 п.т.) мен ақылы қызметтер (0,14 п.т.) инфляциясының қосқан үлесінен жоғарырақ болды. **Азық-түлік** инфляциясына ең жоғары үлес қосқан жемістер мен көкөністер (0,15 п.т.), ет және ет өнімдерінің қосқан үлесі айтарлықтай төмендеді (қыркүйектегі 0,11 п.т.-тан қазандағы 0,04 п.т. дейін), сонымен қатар жұмыртқаның қымбаттауы, оның инфляцияға қосқан үлесін 0,001 п.т.-тан 0,05 п.т. дейін арттырды (5-сурет).

Жалпы ел бойынша азық-түлік бағасы бір айда 0,7%-ға өсті (қыркүйекте – 0,1%). Азық-түлік тауарларының ең жоғары қымбаттау қарқыны Шығыс Қазақстан (1,2%), Павлодар және Солтүстік Қазақстан (1,1%-дан) облыстарында орын алды.

Азық-түлік тауарларының инфляцияға қосқан үлесі негізінен жемістер мен көкөністердің қымбаттауымен (1,5%) байланысты өсті, ол өз кезегінде аққауанды қырыққабат бағасының жоғарылауымен түсіндіріледі (6,1%). Қырыққабаттың ең жоғары қымбаттауы (17,7%) Алматы қаласында байқалды. Жұмыртқаның бағасы Алматы қаласынан басқа (1,5%-ға арзандаған) өңірлердің бәрінде көтерілді. Ең жоғарғы өсім Атырау облысында тіркелді (30,2%).


Азық-түлік тауарларының ең жоғары өсімі байқалған Шығыс Қазақстан облысында жоғарғы сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан (6,2%), қарақұмық жармасы (3,3%), жемістер мен көкөністер (3,4%) қымбаттады, елімізде бұл тауарлардың бағасы сәйкесінше, 0,9%, 0,5% және 1,5% көтерілді. Павлодар облысында 1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан (5,1%), қара бидай-бидай наны (2,9%) қымбаттады, елдегі өсім сәйкесінше 0,8% және 0,2% құрады. Ет және ет өнімдері жалпы 0,5%-ға қымбаттады, алайда Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарында өсім жоғарырақ болды (сәйкесінше, 2,0% және 1,3%). Ақтөбе облысында құс еті бір айда 8,6%-ға қымбаттады (жалпы ел бойынша өсім – 1,4%), Солтүстік Қазақстан облысында жылқы еті 2,9%, ал қой еті 3,8%-ға қымбаттады (ел бойынша өсім – сәйкесінше, 0,3% және 0,4%).

**Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** айлық инфляцияға қосқан үлесі қазан айында 0,25 п.т. құрады (қыркүйекте – 0,13 п.т.). Елде бір айда бағаның өсуі 1,0% құрады (қыркүйекте – 0,6%). Негізгі факторлардың бірі дизель отынының қымбаттауы болып табылады, оның бағасының өсу қарқыны қазан айында (16,6%) қыркүйектегі мәннен (3,8%) әлдеқайда жоғары болды, ең жоғарғы өсім Ақмола (25,9%) және Павлодар (24,9%) облыстарында, ал ең төменгі өсім Қызылорда облысында (11,6%) тіркелді. Жанармай елімізде 0,9% қымбаттады.

**Ақылы қызметтерге** бағаның өсуі қазан айында айлық инфляцияға ең аз үлес қосты - 0,14 п.т. (қыркүйекте ең көп үлес - 0,17 п.т.), бір айдағы бағаның өсу деңгейі 0,5% құрады (қыркүйекте – 0,7%).

ТҮК қызметтері ішінен көптеген өңірлерде сұйытылған газ (баллондағы) қымбаттады. Ел бойынша баға өсімі 6,4% құрады, ең жоғарғы мән Алматы (15,6%), Шығыс Қазақстан (14,7%) және Ақмола (14,0%) облыстарына тиесілі. Нұр-Сұлтан қаласы мен Қарағанды облысында электр энергиясына тарифтің көтеруілуіне (сәйкесінше, 8,5% және 5,3%) байланысты елімізде электр энергиясы 1,1% қымбаттады. Қатты отын 2,1% қымбаттады, ең жоғарғы өсім Қарағандыда болды – 9,5%. Дегенмен, орталықтан жылыту елімізде 0,4% азрдандады, бұған себепші болған Павлодар және Қостанай облыстарындағы тарифтің төмендеуі (сәйкесінше, 6,3% және 3,1%).

5-сурет. Бір айда азық-түлік бағасының инфляцияға қосқан үлесі (п.т.)



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ